

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДНАМА

СІЗДЕРДІҢ ӘРҚАЙСИЛАРЫҢЫЗҒА БУЛЛИНГ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУ
КЕРЕК ЖӘНЕ ОНЫМЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСУГЕ БОЛАДЫ?



Адамдар әрқашан бойы, салмағы, көзінің түсі, шашы, сөйлеу тәсілі, киім стилі, өмірге деген көзқарасы, сенімі және т.б. көпшіліктен ерекшеленетін адамдарға көңіл бөліп, оларды жиі ренжітуге, ашуландыруға, алаңдатуға тырысады. Бұл көрініс мектепте де орын алады.

Сыныптағы балалар тобы сыныптастарының арасынан біреуді таңдап, оның жеке ерекшеліктерін көрсетіп, оған күлу арқылы өз мәртебелерін көтеріп, «беделдерін» нығайтады.



Қорлау белгілері:

- ◆ сыни ескертпелер;
- ◆ қорлайтын пікірлер;
- ◆ намысына тиетін сөздер айту, мазақ ету;
- ◆ әдепсіз қимылдар;
- ◆ қауіп-қатер;
- ◆ елемей немесе бойкот жариялау;
- ◆ чаттардан шығарып тастау; өсек айту;
- ◆ мұғалімнің айтқан жағымсыз сөздерін сыныптастардың қолдануы;
- ◆ жағымсыз физикалық әрекеттер;
- ◆ тым жақын байланыс;
- ◆ жеке заттарды бүлдіру;
- ◆ талқылау, мазақ ету немесе айыптау үшін чаттар құру;
- ◆ фотожабалар, спам-хабарламалар, анонимді қоңыраулар, чаттардағы, әлеуметтік желілердегі қауіптер және т. б.

! Егер айналаңдағы адамдар сені қорлайтындарды қолдаса, сені ренжітетін, ашуландыратын, қобалжытатын, уайымдататын, мазалайтын, қайғыртатын барлық нәрсе қорлау болып табылады.




БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДНАМА

СІЗДЕРДІҢ ӘРҚАЙСЫҢЫЗҒА БУЛЛИНГ ТУРАЛЫ НЕНІ БІЛУ КЕРЕК
ЖӘНЕ ОНЫМЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСУГЕ БОЛАДЫ?

Буллингке қатысушылардың жеке ерекшеліктері

Агрессор (қорлаушы, буллер):

- ◆ өзіне деген сенімділік;
- ◆ өзін-өзі жоғары бағалау;
- ◆ топта көшбасшылық пен үстемдікке бейімділік;
- ◆ эмоционалды реакциялардың импульсивтілігі;
- ◆ эмпатияның төмен деңгейі;
- ◆ құндылық бағдарлары жүйесін бұзу;
- ◆ басқа адамның өмірі мен денсаулығының құндылығын елемеу;
- ◆ адамдарға деген құрметтің болмауы;
- ◆ асқан мазасыздық, әдетте, отбасылық қолайсыздыққа байланысты;
- ◆ басқа адамдарды қорлау арқылы көшбасшы мәртебесін растау.



! Буллердің айналасында оның қолдаушылары немесе ізбасарларының рөлін ойнайтын және оны жоғалтудан қорқатын нөкерлері болады. Олар да агрессивті және басқа жағдайда өздері де буллер бола алады. Қорлауды бастаушыдан қорқады: агрессордың айтқанын істейді, өйткені жәбірленушінің орнында болудан қорқады.